

Шымкент қаласы білім басқармасының политехникалық колледжі
«Химия-технологиялық» бөлімінің кезекті отырысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар саны: 10

Өткізілген уақыты: 07.10.2024ж

Өткізілген орны: 115 каб

Күн тәртібінде:

1. Оқу процесі мен оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі, сырт бейнесі;
2. Жас-өспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, комплаенс қызметі.
4. Әртүрлі мәселелер.

Сөз сөйледі:

Бөлім меңгерушісі А.Бегжанов сөз алып, күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөлім топтарының сабаққа қатысуы сөз болды. Топ жетекшілері топтарымен жұмыс жүргізуді және сабаққа қатысуды қатаң қадағалау керектігін, күнделікті тексеріп сабаққа себепсіз келмей жүрген оқушылардың ата-аналарымен сөйлесу керектігін айтты. Оқушылардың сырт бейнесі мен формасын, сабаққа себепсіз келмейтін, кешігетін, кетіп қалатын оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуді ескертіп өтті. Оқушылардың сабаққа қатысуы барысы мен үлгерімді қадағалауды топ жетекшілеріне тапсырды. Колледждің ішкі тәртіп ережесі бойынша студенттердің форма мәселесі классикалық үлгіде болуын қадағалау, колледж айналасында немесе колледжде тазалық сақтау туралы күнделікті айтып отыру керектігін топ тәлімгерлеріне қадағалауды тапсырды. Оқу өндірістік-техникалық тәжірибедегі топтар студенттері, ол студенттермен де ата-анасы арқылы хабарласып тұруды ескертті.

Колледждің ішкі тәртіп ережесі бойынша сабақтан себепсіз қалмау, кешікпеу күнделікті айтып түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отыруды еске түсіре кетті.

Оқушыларға білім берумен қатар патриоттық тәрбие беруді күшейтуде әр сабақты бастар алдында 2-3 мин елімізде болып жатқан жаңалықтар мен жетістіктер, мерейтойлар мен атаулы даталар туралы, үлкенге құрмет көрсету мен сәлемдесудің тәрбиелік мәні туралы айтып

отыруды, қазіргі уақытта құқықбұзушылыққа байланысты тәрбие сағаттары өткізіліп жатқаны жайлы айтып; тәрбие сағатында «Тәлім-тәрбиеге» баса назар аударуды тапсырды.

Үшінші сұрақ бойынша бөлім меңгерушісі А.Бегжанов қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу тақырыбында сөз қозғады. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беруіміз керек деп ұйғарды. Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі – құқықтық тәрбие. Барлық оқу жылы бойына колледждің әкімшілігі мен ұстаздары социалды, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды, кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта үйлерінде болуын ескертіп отыруы қажет. Мүлдем сабаққа келмейтін оқушылармен жұмыс жасап, нәтижесінде тексеру актілері жасалып, отбасыларына хат жіберуі тиіс. Мұндай акцияларды өткізе отырып, ата-аналармен және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен тікелей байланыста болуы керек. Әрдайым жоғарыдағыдай дәстүрлі жұмыстар жүргізілсін. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың, қамқорлыққа алынған балалардың тізімін жасап, іс-шаралар атқарылуы керек. Сонымен қатар, оқушылармен атқарылып жатырған жұмыстарды заң жүзінде өткізіліп отыру керек.


Сонымен қатар, Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында комплаенс мүшесі Г.Алжанова сөз алып колледжде арнайы Комплаенс қызметі жұмыс атқаратынын ескерте келе, Колледж ішінде түрлі себептермен кез-келген мерекелік іс – шараларға, мекемеге қажетті кеңсе заттарымен шаршауашылық заттарын сатып алу және тағы басқа мақсатта ата – аналардан, ата – аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесі қатаң түрде тиым салынуы жөнінде түсіндіру жұмыстарын жасады.

Қаулы:

1. Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі, сырт бейнесі қадағалансын.
2. Ата-аналармен және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен тікелей байланыста болсын. Атқарылып жатқан жұмыстар заң жүзінде өткізілсін.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша жұмыстар күшейтілсін.

Бөлім меңгерушісі:

Хатшы:



Бегжанов А.А.

Айнаходжаева А.